

Раздел 4. «Экономика. Общеобразовательные, социально-гуманитарные и фундаментальные дисциплины»

Бұл халықтардың ежелгі тілдері өздерінің ежелгі ұқсастықтарын, олардың шығу тегі мен ортақ бастауларының байланысты хронологиясын растайды; олар кез-келген адам өзінің күмәнін сөйілте алатын немесе қызығушылығын қанағаттандыра алатын шындықтардың дәлелдерін ұсынады. Тарихта ежелгі гот және саксон тілдерінде, сондай-ақ франк және исланд тілдерінде жазылған құжаттар бар, оларды қазіргі неміс, дат, голланд, швед және фламанд тілдерімен салыстыруда ежелгі ата-бабалар мен олардың қазіргі ұрпақтары арасындағы туыстық қатынасты объективті түрде көрсетеді», - деген деректер жазылған

Жоғарыда келтірілген тарихи деректің дәлелі ретінде филология ғылымдарының докторы Ә. Ахметов «Ағылшын-саксондықтардың арғы тегі сақтар ма?» атты мақаласында ағылшын-саксондық Британия мен скандинавиялық Норвегия, Дания халықтарының тілдерінде де көзге ұрып тұрған түркі сөздеріне ұқсас лингвистикалық ұқсастықтарды байқауға болатынын жазады. Мәселен, түркі тілдеріндегі тіс, тіл, бел, белдік, елік, өгіз, сор (ашы), жер, сор (мұң), дала деген сөздер мен тура сол ұғымдарды білдіретін ағылшын және скандинав тілдеріндегі дәлме-дәл немесе ауыспалы метонимиялық баламалары ұқсас келеді.

Салыстыратын болсақ:

Қазақ тілінде	Ағылшын тілінде	Норвег\дат тілдерінде
тіс	tooth (жекеше түрі)- teeth (көпше түрі)	tann/tand (метонимиялық атау, себебі тіс таңдаймен жапсарлас)
тіл	Tongue (қазақ тіліндегі таңдай деген сөздің түбірі бір)	tunge/tunge (метонимиялық атау, себебі тіл таңдаймен жапсарлас)
бел, іш	belly	belte
белдік	belt	belte/balte
елік (бұлан)	elk	elg
өгіз	ox	okse/okse
жер	earth	jord/jord
сор (ашы)	sour	sur
сор (мұң)	sorrow	sorge/sorg
дала, алқап	dale	dal/dal

Тағы да бір бейжай қалдырмайтын және лингвистикалық фактор ретінде қарастыруға болатын жайт мынау: норвег тілінде қазақ тілінің көптік жалғауына ұқсас: -r, – er деген көптік жалғаулар бар. Мысалы: uge (апта) – uger (апталар); mened (ай) – meneder (айлар). Дат тілінде де зат есімдердің 75 пайызына –r немесе -er көптік жалғауы жалғанады. Тек зат есім дауысты дыбысқа бітсе –r, ал дауыссыз дыбысқа бітсе – er жалғанады. Алдыңғы екі тілмен туыстас швед тілінде де көптік жалғауға қатысты осындай заңдылық байқалады [Akhmetov, 2021]. Демек, жоғарыда атап өтілгендей, сақтар мен скифтердің ағылшын-саксондар мен скандинавиялықтарға генетикалық жағынан бір табан жақын екендігі лингвистикалық тұрғыдан да айқын байқалады. Дәл осы тұрғыдан, яғни генетикалық және лингвистикалық тұрғыдан зер салсақ, осыдан 40 000 жыл бұрын Азиядан Америкаға қоныстанған байырғы америкалықтардың, яғни «үндістердің» де арғы тегі түркі өркениетімен сабақтас деп айтуға негіз бар. Демек, Солтүстік Америкадағы қорғандардың да о бастағы бастау бұлағы Еуразиядағы скифтер мен сақтардың қорған мәдениеттерімен тікелей сабақтас әрі тамырлас деп батыл айтуға әбден болады.

Келесі бір тарихи дерек [3], яғни 673-735 жылдар аралығында өмір сүрген жылнамашы Қадірменді Беде (The Venerable Bede) тарихта «Bede's Ecclesiastical History of the English People», «Ағылшын халқының шіркеулік тарихы» деген атпен қалдырған жылнамасының 25-26 беттерінде: «From the Saxon country, that is, the district known as Old Saxony, came the East Saxons, the South Saxons, and the West Saxons....It was not long before hordes of these peoples eagerly crowded into the island and the number of foreigners began to increase to such an extent that they became a source of terror to the natives who had called them in» деп жазады, яғни «... От саксов, из области известной ныне как Старая Саксония происходят восточные саксы, южные саксы и западные саксы ... упомянутые народы хлынули на остров, и вот уже

Раздел 4. «Экономика. Общеобразовательные, социально-гуманитарные и фундаментальные дисциплины»

число пришельцев возросло настолько, что они начали наводить ужас на призвавших их местных жителей», - деп жазады (В.В. Эрлихманның аудармасы). Жазушы Аджи Мурад «Тюрки и мир: сокровенная история» атты еңбегінде сақтардың ізі Англиядағы топонимдерде де байқалатынын айтады: «границы Великой Степи видны и в Англии. Там они память об англосаксонских походах, которые V-VI возглавили тюрки (улус саксов). Разбив аборигенов, кипчаки утвердили свое «островное государство», построив город Кент, который дал название юрту, позже королевству. «Кент» – по-тюркски «крепость из камня». Напротив, через пролив, на материке воздвигли город Кале, (Па-де-Кале) отсюда как известно, и начинались англосаксонские походы» [4]. Интернет беттеріндегі деректерге сүйенетін болсақ, жазушы М. Аджи өз еңбегінде көрсеткеніндей, Кент қаласының Англияның оңтүстік шығысында орналасқан Батыс Сассекспен, солтүстігінде Ессекс корольдігімен шектесіп жатқанын көруге болады. Этимологиялық сөздікке жүгінсек, кент сөзінің ағылшынша этимологиясы былай сипатталады. Kent south easternmost county of England, Old English Cent, Centlond, Centrice, from Latin Cantia, Canticum(Caesar), Greek Kantion(Strabo, 51 B.C.E.), from an ancient British Celtic name often explained as «coastal district» or «corner-land, land on the edge» but possibly «land of the hosts or armies». Related: Kentish(Old English Centisc). яғни Кент-Англияның ең оңтүстік-шығыс округі, Ескі ағылшын тілінде Cent, Cent lond, Centrice, латын тілінен Cantia, Canticum (Цезарь), грек Кантионы (Страбон, б. з. д. 51 ж.), ежелгі Британдық кельт атауынан, көбінесе «жағалау аймағы» немесе «бұрыштық жер яғни шеткі аймақ» деп түсіндіріледі. Кент атауынан пайда болған Кентербери қамалы туралы жазбада қамалдың атауы ескі ағылшын (OE) Кантвар-бурух «кент халқының бекіністі қаласы», cant - тен – «кент халқы» - «тас қабырғамен қоршалған қала»екені жазылған.

М. Аджи өз еңбегінде бұғазға қарама-қарсы аймақта Кале, (Па-де-Кале қаланың ағылшынша атауы Strait of Dover)) қаласын тұрғызып англо-саксондық жорықтардың осы жерден басталғанын жазса, бұл француз қаланың жүздеген жылдар бойы англо-саксондықтардың иелігінде болғанын тарихи деректер растайды. Топонимдер энциклопедиялық сөздігінен алынған мәлімет мынадай ақпарат береді, ПА-ДЕ-КАЛЕ (Pas de Calais фр. бұғаздағы қала мағынасын берсе, бұл атау ағылшынша Дувр бұғазындағы қала) қаласы -Ұлыбритания мен Еуропаның арасындағы шағын аймақ. Ескі ағылшын (OE) тілінде Галлия жағалауында орналасқан Галлия бұғазы дегенді білдірген.

Википедия деректеріне сілтеме жасайтын болсақ, ең алғашқы англо-саксондықтар Кент корольдігінің негізін 597 ж. қалап, сол жерде Кентберий қала-қорғанын салады. 823 ж. Кент корольдігі батыстық сақтар – Уессекс жеріндегі Экберт корольдігімен бірігеді [5]. Бұл атауларға Британ аралдарының ең шалғай солтүстігінде орналасқан, шетте жатқан Shetland islands – Шетланд аралдарын қосуға болады. Кей этимологтер Shetland – «shield» – «қалқан», «кылыштың сабы» деген сөзден шыққан деп жорамалдайды. Бірақ бұл тек жорамал ғана. Оның қасында Shetland – «шетте, бөлек жатқан жер» деген жорамал анағұрлым дәлелді тәрізді. Өйткені ағылшын тілінде «шет», «бөлек», «шеттету», «алыстату», «жерді бөлу» деген ұғым беретін айтылымы да, жазылуы да «шет» сөзіне ұқсас «shed» сөзі бар. Оны Вебстер сөздігінен етістік және зат есім мағынасындағы екі сөз ұяшығынан көруге болады: 1. Shed /shed/ v; shed; shedding 1.[ME sheden to divide, separate, fr. OE scēadan; OHG skeidan] to separate, to set apart (бөлектеу, бөлу, бөлек орналастыру) 2. Shed n. Distinction, difference 2. Something (as the skin of a snake) that is discarded in shedding (аралық, айырмашылық, шетке лақтыру) 3. A divide of land. (шеттегі аймақ) [6].

Сондықтан ағылшын тілінің этимологиялық сөздіктеріндегі «AS» (Anglo-Saxon) – «англосаксондар тілінен енген», «OHG» (Old High German) – «Германияның оңтүстігін мекендеген ежелгі герман тайпалары тілінен енген» деген белгісі бар сөздерге үңіле қарау керек деген ойдамыз. Осы жерде II дүниежүзілік соғыс кезінде және 1951-1955 жылдары Ұлыбританияның Премьер-министрі болған Уинстон Черчилль «Ағылшын халқының тарихы» деген төрт томдық еңбегінің бірінші томында сақтар туралы: «Their hard laws, the rigours they endured, were but the results of the immense pressures behind them as the hordes of avid humanity spread westward from Central Asia. Of all the tribes of the Germanic race none was more cruel than the Saxons. Their very name, which spread to the whole confederacy of Northern tribes, was supposed to be derived from the use of a weapon, the seax, a short one-handed sword. The Saxon was moreover a valley-settler. His notion of an economic holding was a meadow for hay near the stream, the lower slopes under the plough, the upper slopes kept for pasture»,- деп жазады [7,49-50]. Осы еңбектің орыс тілінде «Рождение Британии» деген атпен шыққан аударма нұсқасында келесідей аудармасы беріледі: «...их суровые законы были результатом огромного давления алчных

Раздел 4. «Экономика. Общеобразовательные, социально-гуманитарные и фундаментальные дисциплины»

орд, катившихся на запад из Центральной Азии. Саки были самыми жестокими из всех германских племен. Само их имя, распространившееся на целую конфедерацию северных народностей, как полагают, произошло от названия короткого одноручного меча. Саки селились прежде всего в долинах. Хозяйство в представлении саков – это луг для сена возле реки, невысокие склоны для пашни и более высокие для выпаса скота» [7].

Украиндық тарихшы-ғалым Валентин Стецюк «Ономастикон» атты сөздік құрастырып, кейбір ағылшын сөздерінің этимологиясы туралы қызықты деректерден мысал келтіреді. Мәселен, «аға» сөзінің түркі тілдерінде жасы үлкен немесе абыройлы адамды атайтыны белгілі, ал «ага» морфемасы сакстарда да «қожайын» мағынасында қолданылған дейді. Оған мысал – батыс жазықтығында (алқабында) өмір сүрген скифтік тайпаның билеушісін Агафирс деп атаған. Thyrus сөзі көне ағылшын тілінде «алып» дегенді білдірсе, латын тілінде «thyrus» сөзі «статуя діңгегі» деп аударылады. Немесе көне ағылшын тіліндегі «eadan» сөзі «шарасына толған, тояттанған» мағынасында аударылғанын ескере отырып, парсы патшасы Дарийді ойсырата жеңген сақ тайпасының қолбасшысы Иданфирстің ежелгі көшпенділер тайпасынан екенін дәлелдейді. Сондықтан, «Томирис» фильмін түсірген режиссер фильмде жаңадан жасанды тіл ойлап таппай, ежелгі ағылшын тілін қолданады. Ағылшын тіліндегі «ох» сөзінің этимологиясына келетін болсақ, Ф. Де Соссюрдің айтуына қарағанда, француз тілінде кездесетін «боф-өгіз», неміс тілінде кездесетін «окс-өгіз» сөзінің түп төркіні көне түркі тілінен келген және бұл сөз барлық түркі тілдерінде кездеседі [8].

Төмендегі кестеден ағылшын тіліндегі «ох- өкүр» сөзінің фонетикалық өзгеріске қалай ұшыраған көруге болады.

Proto-Turkic: öküř сөзінің праформасын қарасақ:

English	ох
Russian	бык, вол
Old Turkic	öküz
Karakhanid	öküz
Turkish	öküz
Tatar	ugız
MiddleTurkic	öküz
Uzbek	hökiz
Uighur	öküz, höküz
Azerbaijan	öküz
Turkmen	ökiz, öküz
Yakut	oçus
Kirghiz	ögüz
Kazakh	ögiz
Noghai	ögiz
Bashkir	ugıđ
Balkar	ögüz
Gagauz	jöküz
Karaim	oküz, ögüz
Karakalpak	ögiz
Kumyk	ögüz

Дегенмен мұндай жалпыадамзаттық праформалық ұғымдар атауларының пайда болу себептері толық зерттелмейінше, белгілі бір анықтама беру қиын. Мысалға, француз тіліндегі böf (фонетикалық транскрипция) – «бұқа» сөзінің бастапқы ұғымы «өгіз» сөзін білдірген, ал өгіз сөзі еркектік қасиетінен айырылған мал дегенді білдіргеніне қарағанда, ежелгі терминологиядағы өгіз – «өлтiрiлген бұқа, мал», яғни жейтiн ет деген дегенді білдіруі мүмкін. Кестедегі фонетикалық өзгеріске ұшыраған «ох» сөзін француз сөзі böf және ағылшынша beef – «сиыр етінін» түпкі көзі – büth, böf, büf – «өгіз» екені туралы еуразиялық тарихи форумында түркі тілдеріндегі ежелгі үндіеуропеизмдер тақырыбында талқыланады [8]. Кестедегі сөздердің ұқсастық дәлелін алтай тілдерінің этимологиялық сөздігінен де көрініс табады [9]. Латын тілінде biscula – ұрғашы бұзау тайынша, bicusulus – еркек бұзау тайынша мағынасында, септік жалғаулары алынып тасталғанда сөздің негізгі түбірі bus, bous (грекше), славян

Раздел 4. «Экономика. Общеобразовательные, социально-гуманитарные и фундаментальные дисциплины»

тілдерінде *buc/muc* – «бык», осыдан «мукати» – мычать-мөңіреу, итальянша түбірі *mucca* – «сиыр» болып өзгерген. Грамматикалық род қолданылмайтын түркі тілдерінде сиыр сөзі *buca, buga* – сөздері бык мағынасында қолданыла бергенмен, *oguz, ohus* сөздері түркі тілдерінің бәрінде әлі күнге дейін қолданыста бар.

Индо-еуропалық тілдер бағытында *boos, buus* – *booth, buuth* – *boof, buuf* – бык. Осы жерде *böf* – 1) вол, 2) говядина; *beef* – 1) говядина, 2) вол сөздері сөздікте кездеседі, (th дыбысы f дыбысына сөйлеу кезінде ауысқан). Ағылшын тіліндегі Оксфорд қаласы сақтардың «өгіздер өткелі» деп аталған жер атауынан қалған.

Ақын Олжас Сүлейменов «Тюрки в доистории» атты еңбегінде руналық таңбаларды талдай отырып, ағылшын тіліндегі: *face* – бас; *foot* – бұт; *king* – күн (қазақ жеріндегі Таңбалы тастардағы әйгілі күн басты адамды еске түсіріп, ежелгі ағылшын монархтары тәжінің шашыраған күн сәулелеріне ұқсас пішінімен салыстыра келе); *prince* – бірінші (тақтың бірінші мұрагері деген мағынада), *ox* – өгіз, *mouth* – ауыз сөздерімен туыс екенін, «*six*» (*sex*) сөзі бастапқыда «сегіз» деген санды білдіріп, кейін мағынасы «алты» санына ауысқанын дәлелдеді [10].

Бұл сөздердің этимологиясы туралы О. Сүлейменовтен басқа лингвист Ү. Кеңесбаева да өз еңбектерінде жазады. Ал «киң» мен «принстің» түркі тілдерінің «күн» деген сөзі мен «бірінші» деген сөздерінен шыққанын О.Сүлейменов «Тюрки в доистории» еңбегінде жазды. Ал құрамында «сорғыш», «сору», «сорпылдату», «сіңіріп алу» деген мағына беретін «*sor*» түбірі бар «*sorb*», «*absorb*», «*absorption*», «*sorbent*», «*sorbitol*» сөздерін этимологиялық сөздіктер біпесе француздікі, біпесе латын тілінен енген дейді. Сөйте тұрып, «*Sorbs*» («Сорбтар» этнонимі (*Serbja, Serby*) «сорбтар» деп аталатын ортағасырлық этникалық топтардан (*Srbi, сараби*) шыққан. Бастапқы этнонимі сорбтар, Балқан түбегінде өмір сүрген сорбтар немесе сербтер) халқын Германияның Саксония мен Бранденбург аймақтарында тұрақтап қалған (бәлкім, сорылып, сіңісіп, яки ассимиляцияға түскен – Ү. Кеңесб.) славян тайпасы, яғни сербтер деп түсіндіреді, дегенмен ағылшын тілінде ежелден бар «*sore*» [*so(ə)r*] бірінші мағынасы – «жара», екінші мағынасы «сор», «бақытсыздық», «қышқыл» деп аударылатын сөздер қайдан жүр? [11].

Қазіргі қазақ тілінде «дүңгіршек» деп аударылып жүрген «киоск» сөзі («*kiosk*») түркінің «қос» сөзінен туындағанын айтуға болады. Қос – көшпелі қазақ тұрмысында көшіп-қонуға ыңғайлы, тігуі, жығуы оңай, уақытша тұруға арналған шағын баспана. Қосты тіккенде екі керегенің немесе бірнеше сырғауылдың басын қосып, үстіне киіз немесе тулақ жаба салады. «Вебстер сөздігі» ағылшын халқы «қос» сөзін «жан-жағы ашық жазғы терраса үй» деген ұғым үшін және газет-журнал сататын немесе көшеде телефонмен сөйлесетін бір немесе бірнеше жағы ашық жеңіл құрылымның атауы ретінде қолданатынын айтады: *ki-osk* ['kē-äsk] n. [*Turk köşk*.] 1: an open summerhouse or pavilion 2: a small light structure with one or more opensides used esp. As newstand or a telephone booth» [12].

Рим империясы кезінен қалған деп есептелетін құрамында *-caster, -cester, -chester* Lancaster – Ланкастэр, Manchester – Манчестэр, Winchester – Винчестэр, Leicester – Лестэр деген топонимдерде де «уақытша тұрақ, уақытша салынған баспана» деген мағына бар. Рим басқыншылары «уақытша» деп салған қоныстардың көбісі кейіннен үлкен елді мекенге айналып, ол жерге корольдердің (киндердің) резиденциясы салынды. Содан барып *castle* [ka:sl] – қамал, ел билеушілер тұратын жер, *castelan* [ka:stılən] – «кастельян, қамалды күтуші адам» деген сөздер туындады. Бұдан шығатын қорытынды – Еуропа тілдеріндегі «үй» деген мағына беретін сөздердің көпшілігіне көшпелі түркілердің «қос» сөзі негіз болған.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік туының түсі ағылшынша «*turquoise*» – «түркінің түсі» деп аталады. Фируза деп аталатын бағалы тас бар, орыс халқы оны «бирюза», грек тілінде «каллаит», парсы тілінде «пероза» дейді. Ағылшын тілінде «көк» – «*blue*» ұғымының реңктерін білдіретін: *Navy blue, emerald blue, dark blue, turquoise, sky blue, Royal blue, aquamarine, light blue* деген мағыналары бар. Солардың ішіндегі *turquoise* – түркінің түсі сөзін Вебстер сөздігі: «*turquoise* also *tur-quois* /tər-(w)oiʒ/ n [*Middle English turkeys, from Anglo-French turkeise, from feminine of turkeys Turkish, from TurcTurk: a mineral that is blue, bluish green, or greenish gray hydrous basic copper aliminum phosphate, takes a high polish, changes sometimes to a green tint, but when sky blue is valued as a gem. 2: a variable color averaging a light greenish blue*» көгілдір, көкшіл-жасыл немесе жасыл-сұр мыс, сулы фосфаты жоғары санатты жылтырақ минерал тас, кейде жасыл реңкке ие болады, бірақ аспан түстес түрі асыл тас ретінде бағаланады. Яғни *turquoise* сөзі түркі халқымен тікелей байланысты екендігін айтады.

Раздел 4. «Экономика. Общеобразовательные, социально-гуманитарные и фундаментальные дисциплины»

Ұлттық рәміздеріміз туралы жазылған ағылшынша мәтіндерде Қазақстан Республикасының туының түсі «sky blue», «blue» деп суреттеліп жүр. Дегенмен ағылшын тілінің сөздік қорының байлығын пайдаланып, дәлірек айтар болсақ, туымыздың түсі – turquoise .

Төмендегі сөздер семантикасы ғылыми дәлелденбегенмен, қазақ тіліндегі бірліктер мағынасымен ұқсас.

Дюйм – Түйме деген сөзге өте ұқсас. Одан шығатын Түймеқыз ағылшындағы Thumbelina сөзіне келіп тұр. Sir – сері (Сэр) - еркектерге берілетін дәреже. House – қуыс (пана, үй). Boot-foot – бұт (аяқ киім) деген сөз, бұл жерде қырғызша аяқ дегенге келіп тұр. Boy – бойы ердің тұсына жеткен (боз бала). Queen – Күн (Патшайым). And – енді (және). Ары қарай не болды деген сияқты. Men, man – мен (ер адам) сөзі ер адамдарға қатысты сөз сияқты, мысалы, шабар-ман сөзіндегі тәрізді ер адамдар атқаратын шаруаларға қатысты ұғым-атау қалып қойған деп жорамалдауға болады. Ал ежелден қолданылатын «Аларманға алтау аз, берерменге бесеу көп», өлермен нұсқалары мен кейін пайда болған оқыр-ман, көрер-мен, тындар-ман, ең жаңа мәжіліс-мен сөздеріндегі компонент тарихи даму барысында жинақтау мәніне ие болған сияқты, яғни ағылшын тіліндегі жекеше/көпше түр қазақ тіліндегі сингармонизм заңының көрінісі деуге болады. Сөз құрастырудағы мынандай сөздерге мән берсек, ағылшын тіліндегі –er жалғауы жалғануы арқылы пайда болатын мамандық атаулары көбіне ер адамға қатысты, soldier, engineer, worker, teacher сөздері ертеде ер азаматтардың атқарған кәсіп атаулары немесе ардагер, қаламгер, мұрагер сөздеріне мән беретін болсақ, бұл зат есімдердің көп жағдайда ер адамдарға қатысты айтылатынын байқауға болады.

Енді етістіктер туралы айтар болсақ, етістікті (глаголды) көрсету үшін ағылшын тілінде to(ту) инфинитивтегі формасы етістіктің алдына қойылады – to do, to go, to make, to see, to love...etc қазақ тілінде салыстыратын болсақ, -ту (күрделі) қосымшасы да етістіктің инфинитив формасын жасайды [13].

Мысалға: көбейту, санату, айту, шақырту. Бұл ұқсастықтағы ерекшелік тек қана to инфинитиві ағылшын тілінде сөздің алдында тұрса, қазақ тілінде ол соңында қойылып, инфинитив формасын көрсетуі.

Қорытынды

Тілдік бірліктердің бір тілден екінші тілге ауысып, кірме сөздер ретінде танылуы сияқты ағылшын және қазақ тілінде мағынасы мен этимологиясы ұқсас сөздер мәселесі талданды. Талдау нысаны ретінде үнді-еуропа тілдері мен түркі тілдері арасындағы ұқсас лексикалық бірліктер мен тұрақты сөз тіркестері салыстырмалы аспектіде зерделеніп, сөздердің этимологиялық жағынан туыстығын сипаттайтын белгілерді анықтау талқыланды. Түркі халықтары мен үнді-еуропа халықтарының арасындағы таным ерекшеліктерінің арасындағы кейбір дыбыстық сәйкестіктер мен дыбыстық алмасулар лингвистикалық өзгеріске әкеп соқтыратыны сараланды [14].

Мақаланы жазу барысында ағылшын және қазақ сөздерінің ұқсас жерлерін шетелдік және отандық лингвист ғалымдардың деректеріне сүйене отырып көрсетіп, қабылдаушы жүйенің әсерінен көптеген фонетикалық, грамматикалық, тіпті семантикалық өзгерістерге ұшырағанын және қабылдаушы тіл грамматикасының заңдылықтарына бейімделгенін нақты мысалдармен дәлелдеуге бағытталды [15].

Қорыта айтқанда, түркі сөздерін, оның ішінде қазақ тіліндегі кейбір сөздерді үндіевропалық сөздермен салыстырсақ, көптеген сөздердің түркі сөздеріне ұқсас екенін, бірақ алғашқы бейнесін жоғалтып өзгергенін байқауға болады. Әрине, екі топтағы тілдердегі түркі кірме сөздерінің саны мен қолданылу жиілігі бірдей емес әрі тұлғасы өзгеріске ұшырағаны заңды жайт, сондықтан олардың танылуы қиын, дегенмен тілдік түйсігі айрықша билингв немесе полилингв зерттеушілер мұндай сөздерді бірден байқап, этимологиясына назар аударатыны сөзсіз. Ал бұл кез келген тілдегі кірме сөздер қабатын нақтылауға мүмкіндік береді [16].

Әдебиеттер тізімі

1 Жұбатова Б.Н. Қазақ тіліндегі араб, парсы кірме фразеологизмдер[Мәтін].-2-басылым.- Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 3,5 беттер.